

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық спорт түрлері
қауымдастығы**

Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Республиканың даңғылы, 34а
тел.: 8/7172/ 42 26 00
e-mail: ulttuqsport@mail.ru



**Ассоциация национальных
видов спорта
Республики Казахстан**

Республика Казахстан, 010000
город Астана, проспект Республики, 34а
тел.: 8/7172/ 42 26 00
e-mail: ulttuqsport@mail.ru

г. Астана

№ 226 « 2 » « 10 » 20 17 ж

ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығына 2017 жылы 19 қарашада ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитеті жолдаған №14-06/69-КСФК хатқа:

ҚР Парламент Мәжілісі депутаттарының Ұлттық спортқа көңіл аударып, 150 шақырымдық аламан бәйгені ұйымдастыру туралы ұсыныс жасағанына ризалық білдіреміз. ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы 2013 жылдан бастап республикалық «Алтын тұлпар» турнирін тұрақты ұйымдастырып келеді. Бұл аламан бәйгені өткізудегі мақсат – қазақы жүйрік аттарды сұрыптап шығару болатын. Ата дәстүрімізге сай осындай дүбірлі дода еліміздің атсүйер қауымы үшін жыл сайын асыға күтетін бәйге мерекесіне айнала бастады.

ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының бастамасымен биыл бесінші рет өткізілген «Алтын тұлпар» республикалық бәйге қашықтығы – 51 шақырым. 150 шақырымдық аламан бәйге ұсынысын қолдаймыз. Бірақ, білікті мамандардың айтуынша, бұл қашықтықты аттардың тоқтаусыз шауып өту мүмкін емес. Міндетті түрде арақашықтығы кемінде 50 километрлік 3 бекет, әр бекетте ветеринария мамандары бар комиссиялық топ болуға тиіс. Олар шабандоздың, аттың денсаулығын қадағап, егер бәйгені жалғастыруға жарамсыз деп тапса жарыстан шығарады немесе жалғастыруға рұқсат береді. Сондай-ақ, бәйгені бастап-аяқ биіктен қадағалау, бейнетүсірілім жасау, түрлі қауіптің және жолдан ат қосылу сияқты келенсіздіктердің алдын алу үшін тік ұшак пен бірнеше жол талғамайтын автокөліктер, жедел жәрдем машиналары қажет. Жарысқа тәжірибелі төрешілер қатары өте көп тартылуға тиіс. Ең бастысы, бұл бәйгенің Ережесі ертерек жазылып, көпшіліктің талқысына ұсынылуы керек.

**ҚР Ұлттық спорт түрлері
қауымдастығының
бірінші вице-президенти**

Е.Оспанов



Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы,
Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 45А.

Республика Казахстан, 010000, город Астана,
район Есиль, проспект Кабанбай батыра, 45А

2017 ж. 24. қазан
№ 01-15/249

**Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі Спорт және
дене шынықтыру істері комитетіне**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Ұлттық және ат спорты түрлері орталығына 2017 жылғы 19 қазандағы № КСФК 14-06/69 хат келіп түсті.

Хатта 2018 жылы елімізде аса маңызды аламан бәйгеден (150 шақырым) республикалық турнирді ұйымдастыруды және өткізуді сұраған болатын.

Осыған орай Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы жіберген хатты мұқият қарастырып, көтеріліп отырған бір қатар мәселелерді талқылап, өз тарапынан ұсынысын білдіреді.

Қосымша: 2 парақта.

Директордың м.а.

С.Халелов

Орынд.: О.Рысбек
+7 775 560 9494

000313

Республикалық деңгейде аламан бәйгеден турнирларды ұйымдастыруға ұсыныстар

Сан ғасырдан бері көшпелі тұрмыстың қанатына баланған жылқы түлігін баптау ата-бабамыздан қалған мирас. Бұл өнер сонау ғасырдан бері атадан балаға жалғасып отырған. Яғни, атбегілік өнер — көшпенділерден сақталып келген ұлттық құндылығымыз.

Қазақ халқының мәдениетінде аламан бәйге алқалы жиындарының (тойлардың, астардың, т.б.) ажырамас құрамдас бөлігіне айналған. Топтан озған тұлпарлар туралы халқымыздың ауыз әдебиетінде, эпостық жырларында, мақал-мәтелдерінде көп айтылады. Құлагер, Ақбақай, Маңмаңгер, сияқты сәйгүліктерді ән-жырға қосқан.

Ұлттық ойынның қалыптасу себебін қазақ халқының ұзақ қашықтықтарда орналасқан жаңа мекендерге көшу қажеттелігінен жылқыларды дайындаумен және де тұқымын асылдандыру үшін ең шыдамды және мықты тұлпарларды таңдаумен байланыстырады.

Ал қазіргі таңда, қазақтың тұлпарларының артықшылығын мен ерекшелігін, шыдамдылығын көрсетіп, әлемдік деңгейге танытатын аламан бәйгелер жоқ деп айтсақ болады. Осы орайда «Ұлы дала аламан» жобасын ұйымдастырып, өскелең ұрпаққа ұлттық спортымызды, мәдениетімізді насихаттап, оның дамуына үлкен үлес қосу керек. Онымен қоса бұл бәйге жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін болса, қазақ елінің мәртебесін асқақтатын бірден бір жол екеніне сенеміз. Өткізгелі отырған дода қазақ халқының рухын көтеріп, ұлттық спортымызды әлемге танытатын жоба болады.

Ағылшын тұқымдас немесе асыл тұқымды басқада сәйгүліктер ұзақ қашықтықтағы аламан бәйгеге шыдас бере алмайды. Аламан бәйге табандылыққа, батылдыққа, шыдамдылыққа, тапқырлыққа үйрететін ұлттық спорттың бағалы түрі болып табылады. Сондықтан, еліміздің үздік сәйгүлігі мен үздік шабандозын айқындау мақсатында тек қазақтың қазанат аттарын ғана қосқанымыз абзал.

Аламан бәйгені ұйымдастыру мен өткізу.

1. Мақсаты

- Қазақтың қазанат аттарын анықтау;
- Қазақы тұқымдас аттарды барлық өңірлерде жетілдіру;

2. Тұжырымдама

- Бәйгенің қашықтығы 120 км;
- Ұзақ күндік бәйгені ұйымдастыру (3 күн)
- Бәйгенің қашықтығын 40 шақырымнан 2 аялдамаға тоқтау;

3. Ұсыныс

- Әрбір аялдама ұлттық нақыштағы ауыл ретінде (киіз үйлер мен, алтыбақан, асық ату, жамбы ату, қазақ күресі, айтыс, ұлттық концерттік бағдарлама) безендіру;
- Жергілікті әкімшілікпен ісшараны бірігіп өткізу туралы меморандумға қол қою;
- Әрбір аялдаманы ауыз сумен, тамақпен, электр қуатымен, уақытша ат қоятын орынмен, музыкалық аппаратпен, жуынатын орынмен және био-дәретханалармен қамтамасыз ету;
- Бәйгеге қатысатын әрбір сәйгүлікке чип орнату (аттардың ауысып кетпеу мақсатында);
- Қауіпсіздік мақсатында жедел жәрдем бригадасы, өрт сөндіру қызметі, су шашатын машина, мал дәрігерлік қызметі автокөлігімен, жол-патрульдік полициясымен қамтамасыз ету;
- Төрешілер алқасын атпен және арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету;
- Әрбір 2 шақырымда төрешілерді орналастыру;
- Ат бегілердің жарысқа қатысатын сәйгүліктерді кезеңімен тынғылықты дайындалу үшін бәйгенің өтетін уақытын тамыз-қыркүйек айларына қою;
- **4. Бұқаралық ақпарат құралдары**
- Бұқаралық ақпарат құралдарымен қамтамыз ету (видеоролик дайындау, әлеуметтік желілерде жариялау, бәйгенің бейнекөрсетілімін республикалық арналарда көрсету, жарнама тарату);
- **5. Жарыстың жалпы жүлде қорын анықтау**
- Республиканың барлық өңірлерінен ат бегілерді тарту мақсатында бірінші және тоғызыншы орын алған шабандоздар мен сәйгүліктерді ақшалай сыйлықпен марапаттауды ұсынамыз;

Аталған аламан бәйге жобасы жыл сайын күнтізбелік жоспарда болса, қазақ елінің брендін бола алады және ішкі туризмді дамытуға өз септігін тигізеді. Атбегілердің ұлттық тұқымды қазанат аттарды дайындауға қызығушылығы артады.